	«Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
	САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
	Саясат

БЕКІТЕМІН
«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректоры
_____ Байболова Л.К.
«26» 08 2026 ж.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
ҚазТБУ-ББББ-С-8.3/8.1-2026-36

КЕЛІСІЛДІ
«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
АСЖ Проректор
_____ Аскарбеков Э.Б.
«26» 08 2026 ж.

Астана, 2026

Нұсқа: 2,0	**БД: ББББ**	**«ЭҚА» бойынша**	**Тіркеу № 01-4-1**

АЛҒЫ СӨЗ

Осы Саясатты «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Білім беру бағдарламалары басқармасы әзірледі.

Осы Саясатты Ректордың титулдық парақтағы жеке қолымен бекітіледі.

Осы Саясатты оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Саясат «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Саясатты мерзімді тексеруді БББ басшысы 3 жылдан аспайтын аралықпен жүзеге асырады.

Осы Саясатқа өзгерістер оны «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Осы Саясатты басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіру жауапкершілігі ББББ басшысына жүктеледі.

2025 жылғы 18 маусымда бекітілген, 01 нұсқадағы «Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты» ҚазТБУ-БББ-ІҚТЕ-8.3/8.1-2026-36 өз күшін жойды деп есептелсін.

МАЗМҰНЫ

1 Пайдаланылған қысқартулар мен белгілер	4
2 Жалпы ережелер және рәсімнің сипаттамасы	4
3 Бағалау принциптері	5
4 ОН бағалау әдістері	6
5 ОН бағалау критерийлері (сандық және сапалық)	7
6 ОН бағалауды жоспарлау кезеңдері	8
7 Құралдар/ бағалау формалары	8
8 ОН бағалау саясатын іске асыру	9
9 Бағалау тәртібі мен ережелері	11
10 Бағалау мен бағалаудың академиялық адалдығы	13
11 Бағалау саясатының құжатталған ақпараты	13
12 Жауапкершілік және өкілеттіктер	13
13 Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-қимылдар	14
14 Құпиялылық	14
Қосымшалар	15
«Аралық аттестаттаудың қорытынды бақылауын (жазбаша/ауызша емтиханның) бағалау критерийлері» нысаны Н.БББ.8.3/8.1-2026-36-01	15
«Бағалаудың қосымша онлайн-құралдары» нысаны Н.БББ.8.3/8.1-2026-36-02	18
Келісу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)	19
Танысу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)	19
Тіркеу өзгерістерінің парағы Н. СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)	20
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)	20

1. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Қысқарту	Толық атауы
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ, Университет	АҚ «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті»
ҚазТБУ-БББ-С-8.3/8.1-2026-36	Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты
БРЖ	Баллдық-рейтингтік жүйе
ББ	Білім беру бағдарламасы
БС	Бағалау саясаты
БӨЖ	Білім алушының өзіндік жұмысы
ESG	Еуропалық жоғары білім беру кеңістігі
ЖЖОКБҰ	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру
КТО	Кредиттік оқыту технологиясы
ҚР МЖМББС	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚБ	Құрылымдық бөлімшелер
ОН	Оқыту нәтижелері
ББББ	Білім беру бағдарламалары басқармасы
БОӨЖ	Оқытушымен білім алушының өзіндік жұмысы
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ПОӘҚ	Пәннің оқу-әдістемелік кешені
СБО	Студентке бағдарланған оқыту

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1 Осы Оқу нәтижелерін бағалау саясаты (бұдан әрі – Саясат) «К.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті»» АҚ (бұдан әрі – Университет) оқу нәтижелерін бағалауға қойылатын бірыңғай принциптерді, тәсілдерді және негізгі талаптарды белгілейді.

2.2 Саясат оқу нәтижелерін бағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде Университеттің лауазымды тұлғаларына, Білім беру бағдарламалары басқармасының (бұдан әрі – ББББ) қызметкерлеріне, Тіркеуші офисіне, білім беру бағдарламаларының басшыларына, кафедра меңгерушілеріне және профессор-оқытушылар құрамына басшылыққа алуға арналған Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады.

2.3 Саясат сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – СМЖ) талаптарына сәйкес Университетте қабылданған құжаттар жиынтығына кіреді.

2.4 ОН бағалау саясаты ESG 2015 стандарттарына, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ББ іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларына және білім беру қызметі саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді.

2.5 Саясат ОН бағалау үшін қолданылатын Жетістіктерді бағалаудың бірыңғай жүйесі (ЖББЖ) контекстіндегі өлшеу тәсілдері мен құралдарының (критерийлер, құралдар, нысандар, әдістер) біріктірілген жиынтығын білдіреді.

2.6 ОН бағалау саясаты күтілетін ОН қалыптасуының нақты деңгейін айқындауға бағытталған түрлі нысандар мен әдістер арқылы жүзеге асырылады.

2.7 Саясат белгіленген критерийлер негізінде білім алушыларды ашық және объективті бағалау рәсімін белгілейді.

2.8 ОН бағалау жүйесі оқу қызметінің бақылау-бағалау іс-шараларын жоспарлауды

және әрбір білім алушыға өз жетістіктерін көрсетуге тең мүмкіндік беруді, білім алушыларды тартуға, оқытуға және дағдыларды дамытуда ілгерілеуге қол жеткізуге ынталандыруды және уәждеуді қамтиды.

2.9 Бағалаудың мақсаты – әрбір білім алушыға тиісті кредиттерді алу немесе біліктілікті беру үшін ОН жетістік деңгейін көрсетуге мүмкіндік беру.

2.10 Бағалау компоненттері бағалаудың көлемі, мерзімі және сипаты болып табылады.

2.11 Бағалаудың базалық компоненттері:

2.11.1 Жұмыс оқу бағдарламасына (Syllabus) және ОН сәйкес келетін тапсырмалардың болуы;

2.11.2 Тапсырмаларға әдістемелік түсініктемелер және оқу материалының мазмұны мен оның ОН контекстінде білім алушы үшін маңыздылығын түсіндіру;

2.11.3 Бағалау тапсырмаларының көлемі мен ауқымы ОН сәйкес келуі тиіс;

2.11.4 Бағалау бір пән және оқыту бағдарламасы шегінде өзгеріп отыруы тиіс;

2.11.5 Дескрипторлардың болуы;

2.11.6 Кері байланыстың болуы;

2.11.7 Белгіленген шкалаға/деңгейге сәйкес ОН қол жеткізу деңгейін түсіну.

2.12 Бағалау процесі білім алушылардың ОН қол жеткізу деңгейлерінің айырмашылығын (бағалар дескрипторларына сәйкес) белгілеуге бағытталуы тиіс.

2.13 Бағалау процесі – тиісті өлшеу шкалалары қолданылатын академиялық жұмыс нәтижелерін өлшеу.

2.14 Саясат оқу қызметінің барлық түрлеріне және қорытынды бағаларға, оның ішінде жазбаша емтихандарға, курстық жұмыстарға, жобаларға, ауызша тұсаукесерлерге немесе бақылау-бағалау іс-шараларының кез келген басқа нысандарына қолданылады.

2.15 Саясат білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ашу және оқыту әдістерін жетілдіру үшін бағалау сапасын арттыруға қол жеткізу тетіктерін айқындайды.

2.16 Оқу процесінің барлық қатысушылары Академиялық адалдық қағидаларын сақтауы тиіс. Академиялық адалдық қағидаттарын бұзудың кез келген жағдайы регламенттелген рәсімдерге сәйкес талданатын болады.

2.17 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ бағалау жүйесінің негізгі ережелеріне қол жеткізу және орындау тетіктері мен егжей-тегжейін, сондай-ақ бағалау критерийлерін дербес таңдауға құқылы.

3. БАҒАЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

3.1 *Объективтілік (сенімділік), дәлдік, валидтілік (негізділік).*

3.1.1 Бағалау бақылау рәсімдерімен бірге нақты, сенімді ақпаратты ұсынады.

3.1.2 Сенімділік, дұрыстық, негізділік бағалаудың сапасын көрсетеді.

3.1.3 Валидтілік білім алушының ОН жеткізуін айқындауға бағытталған (дәл нені өлшенетіні және бағалаудың қаншалықты дұрыс екендігі).

3.1.4 Объективтілік, дұрыстық және валидтілік принциптерін іске асыру нені бағалау керектігін нақты түсінуге және айқындауға, бағалау критерийлерінің жай-күйі мен негіздемесіне, тапсырмаларды әзірлеуге және рәсімдерді жоспарлауға бағытталған.

3.2 *Тұтастық, оқыту мен бағалаудың өзара байланысы*

3.2.1 Бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады және оқу бағдарламасының мақсаттарымен және күтілетін ОН тікелей байланысты.

3.3 *Ашықтық (анықтық) және қолжетімділік*

3.3.1 Бағалау түсінікті және ашық ақпаратты ұсынады, оқыту процесінің барлық қатысушыларының белсенділігі мен жауапкершілігін арттырады.

3.3.2 Бағалау кезіндегі мақсаттар мен рәсімдер түсінікті, нұсқаулықтар нақты әрі анық, бағалау нәтижелері қолжетімді болуы тиіс.

3.3.3 Бағалау процесінде оның орындылығы мен дұрыстығына қатысты ешқандай күмән туындамауы тиіс.

3.3.4 Оқыту және бағалау процесі қатысушыларының өзара іс-қимылы олардың

белсенділігін арттыруға және ОН оң әсер етуге бағытталған.

3.3.5 Бағалау шкаласының, өзіндік мониторингке мүмкіндіктердің болуы ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3.4 *Жүйелілік, конструктивтілік*

3.4.1 Бақылаудың әртүрлі түрлері мен олардың дәйектілігі болған жағдайда бағалау білім алушының болашақ кәсіптік қызметінің әлеуетті шарттарын көрсететін, шынайы болады.

3.5 *Үздіксіздік (рефлексия, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау)*

3.5.1 Бағалау ОН ілгерілеуін уақтылы және жүйелі түрде қадағалауға мүмкіндік беретін үздіксіз процесс болып табылады.

3.5.2 ПОҚ оқыту тәжірибесін жақсарту және студенттердің сыни ойлауын, жеке дағдыларын ынталандыру үшін оқыту мен оқу әдістерін үнемі талдауы тиіс.

3.5.3 Кері байланыс, формативті де, суммативті де, бағалау процестерінің ажырамас бөлігі болады.

3.6 *Тиімділік/қолжетімділік*

3.6.1 Бағалау әділ, инклюзивті және барлық білім алушыларға оқу жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік беретін болуы тиіс.

3.7 *Өлшенімділік*

3.7.1 Нақты бағалау критерийлерінің болуы.

4. ОН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

4.1 Диагностикалық бағалау – индикаторы кіріс деректері болып табылады, оқыту бағдарламаларының әрбір түрі үшін ұсынылады.

4.2 Критериалды бағалау (формативті бағалау және тұрақты (ағымдағы) бағалау) – оқыту жолын қалыптастырады.

4.2.1 Критериалды бағалау әдісі формативті және суммативті бағалау түрлеріне негізделген. Оқыту нәтижелерін (ОН) бағалау критерийлерінің мысалдары Н.БББ.8.3/8.1-2025-36-01-де келтірілген.

4.2.2 Ағымдағы үлгерімді және қорытынды бақылауларды формативті және суммативті бағалаудың нақты критерийлері курс силлабусында жазылады және білім алушыға алдын ала ұсынылады. Бағалау критерийлерімен алдын ала таныспаған жағдайда, студент бағалау нәтижелеріне шағымдануға құқылы.

4.2.3 Критериалды бағалау әдісі кезінде білім алушылардың ілгерілеуін бағалау үшін қолданылатын және оқу нәтижелерінің жетістіктерін растайтын мынадай бағалау құралдарының спектрі ұсынылады: эссе, жазбаша емтихан, ауызша емтихан, топтық жобалар, жобалық жұмыс, тестілеу, портфолио, кейстер, практикалық тесттер және т.б.

4.2.4 Критериалды бағалау кезінде оқытушылар ОН қол жеткізу үшін қажетті білім алушылардың даму аймақтарын айқындауы тиіс.

4.3 Формативті бағалауда қорытынды (суммативті) бағадан айырмашылығы, оқу процесі бойынша білім алушыларға кері байланыс беруге баса назар аударылады, нәтижесінде олардың оқуы дұрыс жүреді, бар олқылықтар мен жетілдіруді қажет ететін білім салалары анықталады.

4.3.1 Формативті бағалау – ПОҚ мен білім алушылар білім алушының өз оқу процесіндегі кезеңін, сондай-ақ даму бағытын анықтау және қажетті деңгейге қол жеткізудің тиімді жолдарын белгілеу үшін пайдаланатын деректерді іздеу және түсіндіру процесі.

4.3.2 Формативті бағалау әртүрлі түрлерде жүзеге асырылуы мүмкін: күнделіктер, журналдар мен жазбалар, портфолио, өзара немесе өзін-өзі бағалау, жобалар, топтардағы жұмыс, өз дағдылары мен құзыреттерін анықтау және профильдеу.

4.3.3 Формативті бағалау кезінде ПОҚ жалғыз бағалаушы тұлға болып табылмайды, білім алушылар да өз курстастарын және өздерін бағалауға қатыса алады.

4.3.4 Өзара және өзін-өзі бағалау білім алушыға жауапкершілік жүктейді, бұл оның дербестік сезімін арттырады.

4.4 Бағалаудың кез келген нысанында қойылатын сұрақтарда жай ғана нақты ақпаратқа емес, «неліктен?» және «қалай?» дегенге баса назар аударылуы тиіс.

4.5 Суммативті бағалау нақты сәтте оқытылғанды қорытындылай отырып, курстың ОН сәйкес білім алушылардың үлгерімін өлшейді.

4.5.1 Суммативті бағалау бөлімді оқып бітіргеннен кейін немесе академиялық кезеңнің соңында қолданылады.

4.5.2 Суммативті бағалау болашақ оқуға қосқан үлесіне қатысты емес және бағалау білім алушылардың жетістіктері белгіленген нормалармен/білім алушылар тобы жеткен деңгейлермен келісілгеннен кейін жүргізіледі.

4.5.3 Суммативті бағалау әртүрлі бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізуді көздейді. Бақылау-тексеру жұмыстарын әзірлеу кезінде олардың фактілерді немесе өткен материалды жаттап алуды ғана емес, жоғары деңгейлі дағдыларды тексеретін сұрақтар мен тапсырмаларды қамтуы тиіс екендігін ескеру қажет.

4.6 Білім беру компоненті үшін таңдалған бағалау әдістері мен критерийлері оған сәйкес келетін ОН және оқу қызметінің түрлерімен арақатынаста болуы тиіс.

4.7 Білім алушылардың білімін бағалау жүйесінің нақты жалпы қабылданған бағалау критерийлері, объективтілік және ашықтық қағидаттарына сәйкестігі әрбір оқу пәні бойынша силлабус пен ПОӘҚ бағалаудың нақты критерийлерін жариялау арқылы қамтамасыз етіледі.

4.8 ОН бағалаудың барлық түрлері (формативті бағалау, суммативті бағалау, ағымдағы және қорытынды бақылау және т.б.) академиялық күнтізбеге және курстың саясатына сәйкес жоспарлануы және реттелуі тиіс.

4.9 Білім алушылардың күтілетін ОН қол жеткізуін бағалаудың объективтілігі мен ашықтығы мынадай тетіктер есебінен қамтамасыз етіледі:

4.9.1 Кафедра, факультет деңгейіндегі бағалау материалдарына сараптама жүргізу;

4.9.2 Білім беру порталындағы электрондық журналға бағаларды қою;

4.9.3 ПОҚ мен білім алушылар арасындағы академиялық үлгерім мәселелері бойынша тұрақты кері байланыс;

4.9.4 Білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау кезеңіндегі апелляция рәсімі.

4.10 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін қолданылатын әдістер сенімділік және валидтілік критерийлеріне сәйкес болуы және студентке бағдарланған сипатта болуы тиіс.

4.11 Студентке бағдарланған тәсіл кезінде таңдалған бағалау әдістері мен нысандары білім алушылардың ОН қол жеткізуіне ықпал етуі тиіс.

5. ОН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ (САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ)

5.1 Бақылаудың барлық түрлерінің бағалау әдістері мен критерийлері оқыту басталғанға дейін пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларында (Syllabus) және ПОӘҚ жарияланады, олар «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның білім беру порталында орналастырылады.

5.2 Бағалау критерийлері білім алушылардың өз ОН дербес талдауы үшін түсінікті болуы тиіс.

5.3 Бағалау жүйесі білім алушыларды оқу процесіне белсенді тартуға және олардың ОН үшін жауапкершілігі мен дербестігін арттыруға бағытталған заманауи және тиімді бағалау әдістерін қамтиды.

5.4 Бағалау мазмұнды және конструктивті сипатта болуы тиіс және білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс ББББ деңгейіндегі тиісті бағалау стратегиялары болуы тиіс.

5.5 Білімді бағалаудың сандық критерийлері: білім көлемі, оқу материалын меңгеру коэффициенті, білім беріктігі коэффициенті.

5.6 Білімді бағалаудың сапалық критерийлері: толықтық, тереңдік, білімнің

жүйелілігі, жеделдік, икемділік, саналылық

6. ОН БАҒАЛАУДЫ ЖОСПАРЛАУ КЕЗЕҢДЕРІ

6.1 Нысаналы аудиторияны талдау білім беру сапасын және оның барлық элементтерін арттыру мақсатында білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ашу үшін жүргізіледі.

6.2 Курс мақсаты мен оқыту нәтижелерін талдау.

6.3 ОН қол жеткізу критерийлерін әзірлеу – білім алушыларды ағымдағы, аралық және қорытынды бағалау жүргізілетін бағалау критерийлерінің барлық параметрлері силлабуста нақты жазылуы тиіс.

6.4 Қолайлы бағалау құралын таңдау белгіленген бағалау критерийлері негізінде білім алушыларды адал, ашық және бейтарап бағалаудың жоғары академиялық стандарттарына сәйкес келу үшін қажет.

6.5 Деректерді жинау – бағалауды талдау қағидаттары мен рәсімдерін сақтау қажет. Оқыту сапасын арттыру және бағаларды қою үшін деректерді жинау, талдау, қарау және шаралар қабылдау тетігі мен рәсімдері.

6.6 Деректерді статистикалық талдау бағалардың бөлінуі бойынша талдау, медианаңы және стандартты ауытқуды талдау және т.б. арқылы жүргізіледі.

6.7 Деректерді көрнекілендіру емтихан сессиясының нәтижелерін міндетті түрде талқылау арқылы жүзеге асырылады.

7. ҚҰРАЛДАР/БАҒАЛАУ ФОРМАЛАРЫ

7.1 БРЖ оқытудың барлық кезеңдерінде білім алушылардың құзыреттіліктерінің қалыптасу процесін және нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін негізгі құрал болып табылады.

7.2 БРЖ жинақталған рейтингтік бағалау нәтижелері бойынша білім алушылардың жеке жетістіктерінің баллдық көрсеткіштері бойынша ранжирленуін қамтамасыз етеді.

7.3 Білім алушылардың дайындық деңгейін бақылау бірыңғай 100 баллдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.

7.4 Балл-рейтингтік бағалау (БРБ) оқу жоспарының барлық пәндері, дипломдық жұмыстар/жобалар және практиканың барлық түрлері бойынша қолданылады.

7.5. Когнитивтік нәтижелерді бағалау құралдары

7.5 Білім алушылардың когнитивтік нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін көптеген құралдар бар:

7.5.1 Бақылау жұмысы

7.5.2 Жылдам сұрақ

7.5.3 Ауызша сұрау

7.5.4 Үй тапсырмалары

7.5.5 Аудиторияда талқылау (Buzz топтары (қысқаша жұппен талқылау, топтық талқылау, «Қар көшкіні» (buzz-топтарды ірі топтарға біріктіру) және т.б.))

7.5.6 Ауысулар (араластыру, командада жұмыс істеу)

7.5.7 Диагностикалық/қорытынды тестілер

7.5.8 Емтихан

7.5.9 Шағын (мини) тестілер

7.5.10 Практикалық сабақтар

7.5.11 Басқа студенттердің менторлық көмегі

7.5.12 Тьюториалдық топтарды пайдалану

7.5.13 Пікірталастар (Дебаттар)

7.5.14 Раундтар (білім алушылардың кезекпен сөйлеуі)

7.5.15 Жазбаша ой-толғаныс (ұзақтығы 3–4 минут)

7.5.16 Білім алушылардың презентациялары

7.5.17 Ой-толғаныс күнделіктері

7.5.18 Оқу журналдары
7.5.19 Стендтік баяндамалар
7.5.20 Компьютерлік оқыту
7.5.21 Рөлдік ойындар
7.5.22 Мақалалар жазу
7.5.23 Білім алушылардың байланыс диаграммаларын (интеллект-карталарын) жасауы
7.5.24 Бақылау
7.5.25 Кейстер, фокус-топтар, командалық ойындар немесе топтық тапсырмалар
7.5.26 Жоба
7.5.27 Портфолио
7.5.28 Тәуелсіз жазбаша жұмыс
7.5.29 Біріктіруші (топтастырушы) тестілер
7.5.30 Өзін-өзі бағалау
7.5.31 Курстан кейінгі статистика

7.6 Бағалауды әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады: белсенді (тестілер мен сауалнамалар беру арқылы) және/немесе пассивті (бақылау, білім алушының нәтижелері мен көрсеткіштерін бағалау арқылы).

7.6.1 Бағалауды білім алушының білімге бағытталуымен (шеберлікке, құзыреттіліктерін көрсетуге немесе білімдегі олқылықтарын жасыруға, сондай-ақ оқу үшін оқуға) айқындалатын базалық мотивациясымен салыстыру қажет.

7.7 Құралдарды таңдау жоспарланған нәтижелерге, сондай-ақ нақты білімдерге/дағдыларға сүйене отырып жүргізілуі тиіс. Бағалауды неғұрлым объективті ету үшін әртүрлі бақылау-бағалау іс-шараларын пайдалану қажет.

7.8 Бағалау құралдары арқылы ПОҚ өз жұмысын өзгертуге, калибрлеуге және ББББ даму нұсқаларын жоспарлауға мүмкіндігі бар.

7.9. Онлайн бағалау құралдары

7.9.1 Онлайн құралдар білім алушылардың үлгерімін онлайн есепке алуды жүргізуге мүмкіндік береді.

7.9.2 ПОҚ деректерді жинаудың, автоматты бағалаудың, статистикалық талдаудың және білім алушылардың үлгерімін визуализациялаудың әртүрлі онлайн құралдарын пайдалана алады, бұл ПОҚ уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Бағалау жұмысы нақты уақыт режимінде жүргізілетін болады.

7.9.3 Қосымша онлайн бағалау құралдары осы Бағалау саясатының Н.ББББ.8.3/8.1-2026-36-02 нысанында келтірілген.

8. ОН БАҒАЛАУ САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ

8.1. «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ

8.1.1 белгіленген критерийлер негізінде білім алушыларды адал, ашық бағалаудың академиялық стандарттарын ұстанады;

8.1.2 білім алушылардың оқу үдерісіне ынтасын арттыру үшін жағдай жасайды, оқыту нәтижелерін (ОН) бағдарлайды;

8.1.3 ОН бағалаудың дәйектілігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді;

8.1.4 оқыту әдістемелерін, ОН анықтамаларын және оларды пайдалануды, бағалау әдістерінің сапасын, бағалаудың ішкі жүйесін, оқу жетістіктерін ұсыну нысандарын қолдайды, IT-жүйелерді пайдаланады;

8.1.5 оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін жүргізу және ОН бағалау рәсімдерін (оқу сабақтары, емтихандар, кесте, аудиториялар, прокторинг жүйесі және т.б.) ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасайды.

8.2. ПОҚ:

8.2.1 модульдің (пәннің) жұмыс бағдарламасын, практика бағдарламасын әзірлеу шеңберінде ағымдағы және аралық аттестаттаудың бақылау-бағалау іс-шараларына арналған дидактикалық және нормативтік негізделген оқу уақытының көлемін, сондай-ақ бақылау іс-

шараларының санын, құрылымын, нысандарын, кестесін, бақылау мазмұны мен әдістерін айқындайды;

8.2.2 ағымдағы және аралық аттестаттауды жүргізу үшін бағалау құралдарының қорын, ағымдағы және аралық аттестаттаудың бақылау-бағалау іс-шараларын әзірлейді және жүйелі түрде жаңартады;

8.2.3 пәннің жұмыс бағдарламасын (Syllabus), кәсіптік практикалар бағдарламасын әзірлеу шеңберінде баллдарды бөлу кестесін жобалайды. БРЖ салмақтық коэффициентін ескере отырып, сабақ түрлері бойынша ОН-ді (1-кесте) анықтайды. Бұл ретте, КОТ қағидаларына сәйкес білім алушының барлық дербес жұмыс көлемі БӨЖ-дің күнделікті талап ететін тапсырмалармен расталады

1-кесте – ОН бағалау кезінде білім алушылардың оқу қызметі түрлерінің ұсынылатын салмақтылық коэффициенттері

Оқу сабағының түрі	Маңызыдылық коэффициенті
Дәріс/Тәжірибелік / Зертханалық / Студиялық сабақтар	0,3
БӨЖ/БОӨЖ	0,3
Рейтинг	орташа арифметикалық мәні
Барлығы	0,6

8.2.4 Пәнді меңгерудің басында білім алушылардың назарына бекітілген пәннің жұмыс оқу бағдарламасына (Syllabus), әдістемелік нұсқауларға, БРЖ баллдарды бөлу кестесіне сәйкес ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау тәртібін (бақылау-бағалау іс-шараларының кестесін, баллдарды есептеу негіздемесі мен тәртібін, қорытынды баллды есептеу тәртібін, БРЖ баллдарының бағалау жүйесіне сәйкестік шкаласын) жеткізеді;

8.2.5 Білім беру порталындағы электрондық үлгерім журналына деректерді жүйелі түрде енгізеді: ағымдағы аттестаттаудың бақылау-бағалау іс-шарасы өткізілгеннен кейін – бір апта ішінде, аралық аттестаттау іс-шарасы өткізілгеннен кейін – өткізілгеннен кейін 1-3 күн ішінде;

8.2.6 Бағалау критерийлерінің пәннің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді, оқу қызметінің барлық түрлерін бағалау үшін бағалау әдістері мен критерийлерін қолданады, білім алушыларды ОН сәйкес бағалау критерийлерімен алдын ала таныстырады;

8.2.7 Оқыту мен үйрету әдістерін (интерактивті оқыту әдістерін, сыни және талдамалық ойлауды дамытуды, IT-технологияларды таңдауды және т.б.) айқындайды;

8.2.8 Оқыту процестеріне рефлексиялық тәсілді, икемді оқыту әдістерін, білім алушыларды ынталандыру тәсілдерін қолданады;

8.2.9 Білім алушылардың ОН қол жеткізуі үшін жауапты болады;

8.2.10 Педагог-менеджер рөлінде әрекет ете отырып, студентке бағдарланған оқыту (СБО) қағидаттарын іске асырады.

8.3. Білім алушы:

8.3.1 Оқу жұмысының барлық түрлерін, оның ішінде аудиториядан тыс жұмыстарды орындайды, оның орындалуы туралы модуль бағдарламасында, пәннің жұмыс оқу бағдарламасында (Syllabus), практика бағдарламасында және тиісті оқу процесінің кестесінде белгіленген мерзімдер мен нысандарда есеп береді;

8.3.2 Өздігінен және белсенді оқыту дағдыларын көрсетеді;

8.3.3 ОН қол жеткізу үшін жауапты болады:

8.3.3.1 Бағалау түрлері және бақылау-бағалау іс-шаралары, тапсырмалардың/ жұмыстардың барлық түрлері бойынша сандық және сапалық бағалау тетіктері, оқу жоспарына сәйкес тапсырмаларды тапсыру рәсімдері мен мерзімдері және оларды уақытылы ұсынбағаны үшін қолданылатын шаралар туралы ақпаратты меңгереді;

8.3.3.2 ПОҚ пән бойынша үлгерімі туралы кері байланыс алады және оқу сапасын

арттыру үшін алынған түсініктемелерді тиімді пайдаланады.

9. БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

9.1 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, біліктілігі, дағдылары мен құзыреттері) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының Ф.ББ.8.3/8.1-2026-22-01 нысанына сәйкес, халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге сай 100 балдық шкаламен (оң бағалар кему ретімен «A»-дан «D»-ға дейін, «қанағаттанарлықсыз» – «F») және 4 балдық шкала бойынша тиісті сандық эквивалентпен бағаланады.

9.2 Білім алушылардың тілдер бойынша (қазақ, шетел, орыс) оқу жетістіктері ҚР Білім және ғылым министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес шетел тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік моделіне, ECTS (иситиэс) және дәстүрлі шкалаға ауыстыруға сәйкес баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады. Тілді меңгеру деңгейі және сипаттамасы шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігіне (бұдан әрі - ЖЕҚ) (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес келуі тиіс.

9.3 Білім алушылардың барлық оқу нысандары бойынша оқу жетістіктерін бақылау және бағалау тәртібі «Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау өткізу тәртібі туралы ережемен» реттеледі (ҚазТБУ-ТК-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-13).

9.4 Білім алушылардың білімін бағалау әртүрлі түрдегі бақылау-бағалау іс-шаралары негізінде оқытылатын пәндер бойынша білім алушылардың білімін тексеру нысанында жүргізіледі.

9.5 Білім алушылардың оқу жетістіктерін (күтілетін ОН-ның қалыптасуын) тексеру үшін білім алушылардың білімін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған: ағымдық бақылау, қорытынды бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау.

9.4 Білім алушылардың білімін бағалау әртүрлі түрдегі бақылау-бағалау іс-шаралары негізінде оқытылатын пәндер бойынша білім алушылардың білімін тексеру нысанында жүргізіледі.

9.5 Білім алушылардың оқу жетістіктерін (күтілетін ОН қалыптасуын) тексеру үшін білім алушылардың білімін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған: ағымдағы бақылау, қорытынды бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау.

9.6 Ағымдағы бақылау – білім алушының пәннің жұмыс оқу бағдарламасына (Syllabus) сәйкес ПОҚ-тың ағымдағы сабақтарда жүргізетін оқу жетістіктерін жүйелі түрде тексеруі және білім беру порталындағы ағымдағы үлгерім журналына апта сайын міндетті түрде қойылатын баға.

9.6.1 Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау кезінде пәннің ерекшелігіне қарай білім мен құзыреттіліктерді (жалпы (кілттік) немесе пәндік-бағдарланған (кәсіби)) бағалауды жүргізу қажет.

9.6.2 Ағымдағы бақылау баллдары әрбір пән компонентінің (дәрістер, практикалық (зертханалық/студиялық), БӨЖ, БОӨЖ және т.б.) бөлінісінде ПОҚ-пен өз бетінше қойылады.

9.6.3 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың әртүрлі түрлерін айқындайды: ауызша сұрау, жазбаша бақылау, аралас бақылау, үй тапсырмаларының презентациясы, пікірталас (дискуссия), тренингтер, дөңгелек үстелдер, кейс-стади, тесттер және т.б.

9.6.4 Ағымдағы бақылау – әрбір тақырып/немесе оқу пәнінің белгілі бір блогы бойынша жүргізіледі.

9.6.5 Ағымдағы бақылау аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылауды қамтиды.

9.6.6 Ағымдағы үлгерімді бақылау нәтижелерін есепке алуды ПОҚ пәннің жұмыс оқу бағдарламасына (Syllabus) сәйкес білім алушылардың жекелеген тапсырма түрлерін

орындауына және тапсыруына қарай жүзеге асырады.

9.6.7 Ағымдағы бақылау бағалары білім беру порталындағы қатысу және үлгерім журналында/білім алушылардың білімін ағымдағы бақылаудың электрондық ведомосінде пәннің жұмыс оқу бағдарламасына (Syllabus) сәйкес тиісті оқу аптасы үшін ең жоғары мүмкін балл санына сәйкес тіркеледі.

9.6.8 Академиялық кезең ішінде білім алушылардың өздік жұмысын бағалау да жүргізіледі, ол екі бөлікке бөлінеді: оқытушының басшылығымен орындалатын өздік жұмыс (СӨЖОТ) және толығымен өз бетінше орындалатын бөлік БӨЖ.

9.7 Рейтингі

9.7.1 Рейтинг баллдары үлгерім және қатысу журналына қойылған баллдарға сәйкес білім алушының ағымдағы үлгерімінің жинақтаушы жиынтық бағасын және арнайы ағымдағы бақылау тапсырмаларын орындау нәтижелерін (қажет болған жағдайда) көрсетеді.

9.7.2 Рейтинг бақылаудың әрбір түрінің орташа арифметикалық мәні ретінде айқындалады және академиялық кезеңнің 8 және 15 апталарында білім беру порталындағы білім алушылардың электрондық ведомосіне қойылады.

9.7.3 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасында (Syllabus) көзделген бақылау-бағалау іс-шаралары емтихан сессиясы басталғанға дейін қорғалуы тиіс.

9.8 Жіберу рейтингі

9.8.1 Білім алушылар емтихан сессиясы басталғанға дейін пәннің жұмыс оқу бағдарламасына (Syllabus) сәйкес барлық тапсырмаларды оң орындаған жағдайда допуск рейтингін жинайды.

9.8.2 Қорытынды бақылауға жіберу рейтингінің бағасы (ҚЖР) рейтингтердің орташа мәнінен құралады (ҚЖР=(Р1+Р2)/2 ≥50%).

9.8.3 Әрбір пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері қорытынды бағамен айқындалады. Үлгерімнің допуск рейтингінің бағасы пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 60%-ын құрайды.

9.9 Қорытынды бақылау – білім алушының оқу жетістіктерін тексеру, ол пәнді оқып бітіргеннен кейін аралық аттестаттау кезеңінде жүргізіледі.

9.9.1 Әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

9.9.2 Қорытынды бақылаудың (емтиханның) ұсынылатын бағалау критерийлері осы Саясаттың 2 және 3-қосымшаларында келтірілген.

9.9.3 Қорытынды бақылау бағасы пән бойынша қорытынды бағаның 40%-ын құрайды.

9.9.4 Әрбір пән бойынша қорытынды баға білім алушының 0-ден 100%-ға дейінгі шкала бойынша допуск рейтингінің нәтижелері бойынша жинаған баллдарының сомасы ретінде айқындалады, бұл ретте рейтинг бойынша 60% (ең жоғары) және қорытынды бақылау бойынша 40% (ең жоғары) болады.

9.9.5 Қорытынды баға келесі формула бойынша құралады:

ҚБ = ҚЖР × 0,6 + ҚБақ × 0,4

мұндағы: ҚБ – қорытынды баға

ҚЖР – қорытынды баға жіберілу рейтингі

ҚБақ – қорытынды бақылау

9.10 Топтағы (ағындағы) оң бағалардың жалпы санына қатысты пән бойынша "А" және "А–" бағаларының ұсынылатын пайызы 20%-дан аспайды, ал бағалардың жалпы санына қатысты "F" бағаларының пайызы 20%-дан аспайды (ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына 1-қосымша, Бағаларды бөлу кестесі).

9.11 ПОҚ академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімдерде оқыту және бақылау-бағалау іс-шараларының барлық түрлерін уақытылы жүзеге асыруға міндетті.

9.12 ПОҚ қойған баллдар түзетуге жатпайды.

9.13 Бағалау әдісін таңдау бұл әдіс бағалауға тиіс ОН-ге, сондай-ақ әртүрлі ілеспе факторларға: бағдарлама деңгейіне, білім алушылар санына, уақыт ресурсы сияқты факторларға байланысты болады.

9.14 Әрбір оқытушы пән шеңберінде бақылау-бағалау іс-шараларының (бақылау-өлшеу параметрлерінің) пакетін айқындауы тиіс.

Нақты пән шеңберінде бақылау-бағалау іс-шараларын қалыптастыру кезеңінде қалыптасатын құзыреттіліктерді және оқыту бағдарламасының ОН-ге модульдер мен пәндердің ОН арқылы қол жеткізуін (ОБ-ның 6-бөлімі) және ОБ-ның бағалау технологиялары мен оқыту әдістерін (ОБ-ның 8-бөлімі) ескеру қажет.

10. БАҒАЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҒЫ

10.1 ПОҚ баға қою критерийлерін қатаң сақтауы қажет.

10.2 ПОҚ ОН бағалау ережелерінің рәсімдерін және тетіктерін сақтауы қажет.

10.3 Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау, оның ішінде талдаудың электрондық құралдары және прокторинг «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-01 қатаң академиялық саясатының сақталуын қамтамасыз етеді.

10.4 Бағалау кезінде академиялық адалдықты сақтаудың маңызды қағидаттарының бірі – білім алушылардың ҚазТБУ-ТК-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-13 «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау тәртібі туралы ережеге» сәйкес аппеляциялық өтініштер беру мүмкіндігінің болуы.

11. БАҒАЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАЛҒАН АҚПАРАТЫ

11.1 Оқыту нәтижелерін (ОН) бағалау саясатының құжатталған ақпараты келесі құжаттар топтарынан тұрады:

11.1.1 Сыртқы шығу тегі бар құжатталған ақпарат;

11.1.2 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-да оқыту бағдарламаларын, ПОӘҚ, силлабустарды әзірлеу және енгізу әдіснамасын айқындайтын құжаттар (құжат түрінде ресімделген және «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның ресми сайтында орналастырылған);

11.1.3 Нұсқаулық құжаттар «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның Академиялық саясаты, Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты, Қызметкерлер мен ПОҚ-тың Академиялық адалдық кодексі);

11.1.4 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның сапаны қамтамасыз ету жөніндегі қызметін растайтын құжаттар (Ғылыми кеңестің, Әдістемелік кеңестің, факультет кеңестің шешімдері, хаттамалар, актілер, есептер, ведомостер және т.б.).

12. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

Бөлімше	Өкілеттіктер
БББ	• осы Саясатты өзектендіреді; • оқу нәтижелерінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған нысандарды, әдістерді және бағалау құралдарын таңдау мәселелері бойынша әдістемелік семинарлар ұйымдастырады және өткізеді. • айқындау бойынша семинарлар ұйымдастыру және өткізу
ТК	• оқу нәтижелерін бағалау процедураларын ұйымдастырады; • білім алушылардың оқу жетістіктеріне бақылауды жүзеге асырады; • аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастырады және өткізеді; • академикалық адалдық принциптерін сақтайды.
Декандар	• оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыру кезінде Саясат талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді; • факультет кеңесінің отырыстарында оқу нәтижелерін бағалау мәселелерін қарайды;

	• академикалық адалдық принциптерін сақтайды.
Кафедра меңгерушілері	• бағалауды ұйымдастыру кезінде Саясат талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді; • ағымдағы бақылау мен аралық аттестаттауға арналған бағалау құралдарының уақтылы әзірленуін, жаңартылуын және сарапталуын қамтамасыз етеді; • академикалық адалдық принциптерін сақтайды.
ПОҚ	• оқу нәтижелерін бағалауды Саясат талаптарына сәйкес жүзеге асырады; • ағымдағы бақылау мен аралық аттестаттауға арналған бағалау құралдарын әзірлейді және жаңартады; • бағалау нәтижелерін электронды журналға уақтылы енгізеді; • бағалау критерийлерінің жоспарланған оқу нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді және оларды білім алушылардың назарына жеткізеді; • бағалаудың шынайылығы мен обьективтілігін қамтамасыз етеді; • академикалық адалдық принциптерін сақтайды.
Білім алушылар	бағалау тапсырмаларын орындайды және бақылаудың көзделген нысандарына қатысады; бағалау критерийлерімен және нәтижелерімен танысады; академикалық адалдық принциптерін сақтайды.

13. ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

13.1 Байланысты тәуекелдер:	13.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-шаралар:
• оқу нәтижелерін бағалаудың бұра тартушылығы (объективті еместігі) мен келісілмегендігі; • оқу нәтижелерін бағалауға формалды түрде қарау; • білім беру процесіне қатысушылардың бағалау тәртібі мен нәтижелері туралы жеткілікті ақпараттандырылмауы.	• жоспарланған оқу нәтижелеріне сәйкес келетін нақты, бірыңғай бағалау критерийлерін белгілеу және қолдану; • бағалау құралдары мен бақылау-бағалау шараларының жоспарланған оқу нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету; • білім алушыларды бағалау нысандары, әдістері, критерийлері мен нәтижелері туралы уақтылы ақпараттандыру.

14. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

14.1 Осы Саясат «К. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудитін жүргізу кезіндегі сертификаттау органдарының сарапшыларын, сондай-ақ «К.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Ректорының рұқсатымен тұтынушы-серіктестерді қоспағанда, басқа тараптарға ұсынылуға тиіс емес.

ҚОСЫМШАЛАР

«АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУДЫҢ (ЖАЗБАША/АУЫЗША ЕМТИХАННЫҢ) ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ» НЫСАНЫ

Н.ББББ.8.3/8.1-2026-22-01

Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	Бағалау критерийлері
A	**A**	**4,0**	**95-100**	**Өте жақсы**	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілген, нысан туралы саналы білімдер жиынтығы көрсетілген, ұғымдарды еркін қолдана білу, оның маңызды және маңызсыз белгілерін, себеп-салдарлық байланыстарын ажырата білу қабілеті көрінген жағдайда қойылады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Жауап ғылыми терминдермен тұжырымдалады, қисынды, дәлелді, білім алушылардың авторлық ұстанымын көрсетеді. Шығармашылық қабілеттері паш етілген.
A-		**3,67**	**90-94**		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, нысан туралы терең білім көрсетілгенде, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылғанда қойылады; жауапта анық құрылым, ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін логикалық дәйектілік байқалады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Шығармашылық қабілеттер паш етіледі. Жауап беру барысында білім алушының өзі түзете алатын ұғымдарды анықтауда кемшіліктер жіберілуі мүмкін.
B+	**B**	**3,33**	**85-89**	**Жақсы**	Білім алушы қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап бергенде, тақырыптың негізгі ережелерін дәлелді түрде ашқанда, жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым мен логикалық дәйектілік байқалғанда қойылады. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге жол берілген.
B	**C**	**3,0**	**80-84**		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге немесе елеусіз қателерге жол берілуі мүмкін.
B-		**2,67**	**75-79**		Қойылған сұраққа толық жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық

					байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Алайда, бағыттаушы сұрақтардың көмегімен білім алушының өзі түзеткен елеусіз қателерге немемесе кемшіліктерге жол берілген.
C+		**2,33**	**70-74**		Қойылған сұраққа толық, бірақ жеткіліксіз дәйекті жауап берілгенде, сонымен қатар маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Негізгі ұғымдарды анықтауда білім алушының өзі түзете алмаған 1-2 қателікке жол берілуі мүмкін.
C	**D**	**2,0**	**65-69**	**Қанағаттанарлық**	Бұл жағдай толық емес және жеткіліксіз жауап берілгенде қойылады. Мазмұндау логикасы мен дәйектілігінде бұзушылықтар бар. Ұғымдарды ашуда, терминдерді қолдануда қателерге жол берілген. Білім алушы маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше ажырата алмайды. Жалпыланған білімді тек оқытушының көмегімен ғана мысалдар арқылы дәлелдеп, нақтылай алады. Сөйлеу безендіруі түзетуді, жөндеуді қажет етеді.
C-		**1,67**	**60-64**		Толық емес жауап берілгенде, мазмұндау логикасы мен дәйектілігінде елеулі бұзушылықтар болғанда қойылады. Ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін анықтауда өрескел қателер жіберілген, бұл білім алушының олардың маңызды және маңызсыз белгілері мен байланыстарын түсінбеуінен туындаған. Жауапта қорытындылар жоқ. Жалпыланған білімнің нақты көріністерін ашу қабілеті көрсетілмеген. Сөйлеу безендіруі түзетуді, жөндеуді қажет етеді.
D+		**1,33**	**55-59**		Толық емес жауап берілгенде қойылады. Мазмұндауда қисынсыздық байқалады. Білім алушы дәлелдеуде қиналады. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларында, фактілер мен құбылыстардың сипаттамаларында көптеген елеулі қателер бар. Жауапта қорытындылар жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде білім алушы білім арасындағы байланысты тек оқытушының нұсқауынан кейін ғана түсіне бастайды.
D	**E**	**1,0**	**50-54**		Толық емес жауап берілгенде, ол сұрақ тақырыбы бойынша бытыраңқы білімді және анықтамаларда елеулі қателерді қамтығанда қойылады. Мазмұндаудың үзік-үзіктігі, қисынсыздығы байқалады. Білім алушы берілген ұғымның, теорияның, құбылыстың модульдің (пәннің) басқа нысандарымен байланысын түсінбейді. Қорытындылар, нақтылау және баяндаудың дәлелділігі жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Оқытушының қосымша және нақтылайтын сұрақтары білім алушының тек қойылған сұраққа ғана емес, сонымен қатар модульдің (пәннің) басқа сұрақтарына да жауабын түзетуге әкелмейді.

FX	**FX**	**0,5**	**25-49**	**Қанағаттанарлықсыз**	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 25-49 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан астамын меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық, аралық аттестаттау нысандарында қарастырылған жекелеген тапсырмаларды орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.
F	**F**	**0**	**0-24**	**Қанағаттанарлықсыз**	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 0-24 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарла-масын тұтастай меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық бақылау нысанда-рында қарастырылған тапсырмалардың басым бөлігін орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.

«ҚОСЫМША ОНЛАЙН-БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫ» НЫСАНЫ

Н.БББ.8.3/8.1-2026-36-02

Құралдар	Сипаттама
Excel	Бақылауды нақты параметрлер бойынша реттеуге мүмкіндік береді. Оқу үлгерімін визуализациялауға мүмкіндік береді
Онлайн – қызметтер:	Жетекшілік етуге мүмкіндік береді:
For All Rubrics	Бағалау айдарлары Бағалау критерийлері Студенттердің оқу үлгерімін визуализациялау және инфографикасы
Quiz alize	Бағалау үшін тесттер мен жаттығулар жасау Нәтижелерді сақтау Оқу үлгерімін қадағалау Қателер негізінде кері байланыс қалыптастыру
Poll everywhere	Ағымдағы бағалау (сауалнамалар) Нақты уақыттағы жауаптар Нәтижелерді автоматты түрде қалыптастыру
Go Formative	Қалыптастырушы және ағымдағы бағалау деректерін жинау Ашық типтегі сұрақтар викториналарын құруға арналған Платформа Студенттерді нақты уақыт режимінде бақылау Білім алушыларды шағын топтарға ұйымдастыру мүмкіндігі
GIMKIT	Бағалауды геймификациялау

Н. СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Күні	Қолы
СДД басшысы	Оразалина Д.К.	25.08.2026	
БББ басшысы	Баядилова Б.М.	25.08.2026	
СМЖБ басшысы	Эрнст А.С.	29.08.2026	
ОБ басшысы	Дігарбаева Б.М.	25.08.2026	
ТФ деканы	Сафуани Ж.Е.	25.08.2026	
ИжАТФ деканы	Серимбетов Б.А.	25.08.2026	
ЭжБФ деканы	Мақыш М.К.	25.08.2026	
ӘБ басшысы	Саду Ж.Н.	25.08.2026	

Н. СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Күні	Қолы

Н. СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)

ТІРКЕУ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ПАРАҒЫ

Өзгеріс номері	Хабарлама номері	Парақтар (беттер) нөмірі				Барлық парақтар	Өзгерістер енгізілген күні	Өзгерістер енгізген адамның аты-жөні	Өзгерістер енгізген адамның қолы
		Өзгертулер	Ауыстырылған	Жаңа	Жойылған				

Н. СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)

МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРУЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді жүргізген адамның аты-жөні	Тексеруді жүргізген адамның қолы	Ескертулердің тұжырымдамасы